

Украинада шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тұтас илемденген болатдоңғалақтарға қатысты демпингке қарсы шараларды уақытша қолданбау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 23 шілдедегі № 125 шешімі

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) 272-тармағына сәйкес және 2019 жылғы 19 маусымдағы Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаменті директорының № 9 бұйрығына сәйкес басталған, демпингке қарсы қайта тексеру шеңберінде мүдделі тұлғалар ұсынған ақпараттарды талдау нәтижелері бойынша әзірленген Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаментінің қорытындысы негізінде **Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы** шешті:

1. **Украинада шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тұтас илемденген болат доңғалақтарға қатысты Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 170 шешімінде белгіленген демпингке қарсы шаралар осы Шешім күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2020 жылғы 1 маусымға дейінгі аралықта қолданылмасын.**

2. **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 170 шешімінде көзделген демпингке қарсы бажды өндіріп алуды осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген кезеңде жүзеге асырмасын.**

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының міндетін
уақытша атқарушы*

К. Минасян